

# AQTÓǴAI AJARY

Aqtóǵai aýdandyq qoǵamdyq-saiası basylym

№25 (7914)

Жұма  
16 маусым  
2023 жыл

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті.

табысы күнсызданып жатқанын мойындады. Ол мұндай ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болуы мүмкін екенін жеткізді.

«Жұрттың табысын әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың да шегі бар. Біз осы шекке жеткен сияқтымыз. Бұған қоса, тұтыну несиелерінің көлемі артып барады. Бұл әрекет – инфляция кезінде жан бағудың амалы. Тіпті, банктердің өзіне қауіп төндіруі ықтимал Несиені, ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни тиімді жобаларға беру керек. Сонда жалақысы жоғары жұмыс орындары

## Келешекті бағамдаған кеңес

Жиынға Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың

пайда болады. Жұрттың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы артады. Бір сөзбен айтсақ, азаматтардың табысын көбейтуге мүмкіндік туады», – деді Мемлекет басшысы.

Ол азық-түлік бағасын тұрақтандыруда Үкіметтің қауқарсыз болып отырғанын сынға алды. Президент ақпан айында инфляция шарықтау шегіне – 21,3%-ға жеткенін атап өтті.

«Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті, мәселені ушықтырады дегте болады. Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де – осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі сұранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз», – деді Үкіметтің жұмысын сынға алған Қасым-Жомарт Тоқаев.

Е.Серғазыұлы,  
Шабанбай би ауылдық округі әкімі  
аппаратының бас маманы.

**Құрметті қариялар!**  
**Ардақты ақ халатты абзал жандар!**

Маусым айының үшінші жексенбісі – Қазақстан медицина қызметкерлерінің тәл мерекесі.  
Сіздерді мерейлі мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Денсаулық – адам үшін баға жетпес байлық. Бұл күн – құрмет пен алысқа бағаланған, Тиллоқрайт аңғын қабылдап, қай кезде де болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын ақ халатты абзал жандардың мерекесі.

Халық жанының сақшысы, мейірім мен ізгілік жарымы атанған өздеріңіздей білікті де білімді жандардың еңбегін әрқаман бағалаймыз.  
Қадірлі медицина қызметкерлері!  
Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бәлесін. Сіздерді тәл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, еңбекте табыс, тәзімділік пен құш-қайырат, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, қызметтеріңізге жаңа табыстар тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асудардан көріне берулеріңізге шын жүректен тілектеспіз.  
Қашанда халыққа қалтқысыз қызмет етіп, абыройларыңыз арта берсін!  
Мерекелеріңіз құтты болсын!

Аудан әкімі  
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат  
төрағасы Р.Әбеуов



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа гәэономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы жүйелі

Дегенмен, Президент Астана ғана емес, елдегі бүкіл деңгейдегі қалалар таза әрі әдемі болсын дегенді алға тартты.

«Біз республикамыздағы бүкіл қалалардың, әсіресе, Астананың жағдайына баса назар аударуымыз керек. Мойындайықшы, қалаларымыздың келбеті көңіл көншітпейді. Балалар ойнайтын алаңдар дұрыс жабдықталмаған, үйлер ала-құла. Шетелге шыққанда, әсіресе Шығыс Еуропаның, Балқандағы қалалардың келбетіне қарап, көз сүйсінеді. Тап-таза. Бұл бір жағынан сол қала әкімшілігінің жұмысы болса, бір жағынан

## Түйінді түйткілдер талқыланды

өртаптапандыру – стратегиялық міндет.

Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жанғырту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

«Қазақстандағы қалалардың келбеті көңіл көншітпейді» деген Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ірі қалалар, соның ішінде елорданың келбеті бүкіл республиканың имиджіне әсер ететінін ерекше атап өтті.

халықтың мәдениетіне байланысты», – деді Мемлекет басшысы.

Президент қала әкімшілігінен бөлек, сол қалалардың тұрғындары да өз көшелерін, өз үйлерін таза ұстасын деген тілегін білдірді.

«Астана болсын, облыстағы басқа қалалар болсын, бәрінің жағдайы қазір нашар деңгейде. Мына жиында барлық деңгейдегі әкімдер отыр, осы мәселеге назар аударсаңыздар. Жуырда теледидардан бір сюжет көрдім, Семей қаласындағы балалар ойнайтын ауланы көрсетіп жатыр. Ауланың түріне қарасаң, ол жерде тіпті ойнаудың өзі қауіпті екенін түсінесің», – деді облыс орталықтарын да сынға алған Қасым-Жомарт Тоқаев.

Е.Серіков,  
аудандық мәслихаттың депутаты.

**«AQTÓǴAI AJARY»**

**Құрметті оқырман!**  
Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

**Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,  
6 айға – 1500 теңге.**  
**Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,  
6 айға – 2000 теңге.**

Аудан өмірінің айнасы, тәл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.  
Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai\_red@mail.ru



## Кәсіптің көзін тапқан азамат

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында ауылдағы шағын және орта бизнестің дамуына басымдықтар берілген. Онда: «Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-

әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттады. Ашылу рәсімінде жиналған қауым жаңадан ашылған цехтың әрі қарай өркендеп дамуына ізгі ниет-тілектерін білдірді. Салтанатты шарада жергілікті өнерпаздар әннен шашу шашты.



Жиналған көпшілікке кәсіпкер қымыз өндіру цехының ішін аралап көрсетіп, жұмыстарымен таныстырды. Цехта күнделікті 200 бас бие сауылып, 1000 литр қымыз құтыларға қандай жолдармен құйып шығаратынын, заманауи бие сауудың тәсілдерін көрген көпшілік риза болысып, жерлестері ризашылықтарын танытты. Сөз арасында Нұрым Мұхамедиев әрі қарай жобаны дамыту мақсатында мал басын көбейтіп, бие, сиыр сүтін өндіріп, жылына ет өнімін шығаруды алдағы жоспарға қойып отырғандығын да тілге тиек етті. Сонымен қатар, болашақта сиыр сүтін өндіріп, өткізу мақсатында «Natiqe» ЖШС-мен меморандум жасалған.

экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты, жұмыссыздықты азайтады. Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді» делінген.

«Жас келсе – іске» демекші, бизнестің қайнар көзі ауылда екендігін түсінген жерлесіміз, жас азамат Нұрым Сейілханұлы – өзінің туған жерінен үлкен кәсіптің көзін ашып, елге деген патриоттығын танытып жүрген жанның бірі.

Күні кеше Сарытерек ауылдық округінде Нұрым өзінің көптен армандап жүрген жоспарын жүзеге асырып, «SAQ NS» шаруашылығы базасында құрылған заманауи неміс технологиясы бойынша бие сүтін (қымыз) өндеп, өндіру цехының ресми ашылу салтанатының куәсі болдық. Қымыз өндіру цехының ашылу рәсіміне аудан әкімі Р.Кәңжебеков арнайы қатысып, ауыл тұрғындарымен бірге шараның лентасын қиды.

Аудан әкімі өзінің құттықтауын айтып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосып жатқан жаңа жобаның иесі, кәсіпкер Мұхамедиев Нұрым Сейілханұлына зор ризашылығын білдіріп, аудан



Жас кәсіпкердің бастамасына сәттілік тілеп, алдағы жоспарларына аудан әкімдігі, кәсіпкерлік сала басшылары қолдау танытып, бірлесіп жұмыс жасайтындықтарын жеткізді. Олай болса, іске сәт, ел игілігі жолында жасап жатқан еңбегіңіз жемісті болсын, Нүреке!

Г.Елұсізова.

Дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау, «Ынтығалы ата-ана» идеясын, сондай-ақ отбасының тұрақты дамуы мен бала тәрбиесіндегі әкелердің ролін ілгерілету мақсатында Қазақстан Республикасындағы мерекелер тізбесі «Әкелер күні» (маусымның үшінші жексенбісі) және «Аналар күні» (мамырдың екінші жексенбісі) толықтырылды.

Қазақстанда алғаш рет атап өтілгені отырған мереке 2023 жылдың 18 маусымына сәйкес келеді. Осы орайда мен мақаламды ауданымыздағы үлгілі отбасының тірегі болып отырған әкеге арнағым келеді.

## «Әкеге қарап ұл өсер...»

Әке – бала үшін тау тұлға. Бала әкеге қарап өседі. Әр әке баласына уақыт бөліп, кеңесіп отырғаны дұрыс. Сонда баланың ой-өрісі дұрыс қалыптасып, көңіл көкжиегі кеңейіп, кез келген мәселеге жан-жақты қарауға ұмтылады. Өзі түзу ағаштың көлеңкесі еш уақытта қисық болмайды. Дұрыс әке дұрыс тәрбие берсе, қоғамның дұрыс дамуына айтарлықтай үлес қосары анық. Осы ретте отбасында төрт ұл тәрбиелеп отырған Жармағанбетов Азамат атты әке осындай әке екені даусыз. Азаматтың екі ұлы К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің озат оқушылары: Ернияз бен Алдияр. Отбасында ұлттық құндылықтарды сақтап, жанұя татулығына аса мән беретін әке өзінің өмір жолын осы ұлдарына үлгі ете тәрбиелеп отыр. Ұлдары мейірімді, қайырымды, үлкенді сыйлайтын өте әдепті.

Әкесі ұлдарының біріншіден, ішкі дүниесін тануға ұмтылады. Балаларына таңдау берген. Әр баланың өзіндік ішкі жоспар-бастамасына сай отбасында әрекет болады.

Әке әр баласының қабілеті мен неге бейімі бар екенін, нәзі ойлайтынын, нәзі сүйеді, нәзі жақсы көреді, неге қызығады, не нәрсені көргенде көзі жайнап кетеді, қандай күйде жан сарайы ашылады, міне, осының барлығын қадағалап, бақылап, өз ұрпағының шамын жағуға ұмтылуда. Осы ретте екі баланы екі бағытта үйірмеге берген. Біріншіден, ұлдар міндетті түрде спортпен шұғылдануы тиіс деп шешкен. Екіншіден, өзін қызықтыратын дүниені менгеруі тиіс дейді. Алдияр робототехникаға, Ернияз өнер саласына қызықты. Әке бала тілегін орындады. Жалпы, баланың бос уақытын тиімді пайдалануына үнемі көңіл бөліп отырады. Осындай үлгілі әке мектебіміздегі "Әкелер кеңесінің" белді мүшесі, сыныптың Ата-аналар кеңесінің төрағасы.

А.Ахметжанова,

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

### Тіл тағдыры – ұлт құмыры

## Қазақ тілі – басты құндылығымыз

Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде қазақ тілі туралы көп жазбалар көзге түсіп жатады. Қарап отырсақ, шынымен де, кей сөздердің жаны бар ма деп қаласыз. Мысал үшін: «Бес орыс отырған жерде жүз қазақ отырса, орысша сөйлейді» немесе «Тек қазақтар ғана қазақ тілін сөздік қорында сақтап, өздері орыс тілінде сөйлейді» деген сияқты ашы да болса шындыққа тура келетін ерекше сөздер кейде жанына оттай тиеді.

Иә, бұл біздің тілімізге деген құрметсіздігіміз немесе өз тілімізді сүйемгендігімізден емес, тек қана өз тілімізге деген шынайы адалдық пен махаббаттың жетіспеушілігі, тұла бойымызда ұлттық мәдениетіміз бен тілімізге деген рухани байлықтың аздығының дәлелі. Сол себепті де қазіргі таңда әр бала мен жасөспірімдердің бойына ұлтына, еліне, тіліне деген махаббат сезімін оятып, тілге деген мөлдір сезімін қалыптастыра білуіміз керек. Өз тіліміздің мәртебесін арттыра отырып, біздің де

тіліміздің өзге тілдер сияқты ерекше орында екенін түсіндіре білу – ең бірінші тұрған мәселе.

Көбінесе жастар қауымы өз тілін бұрмалауға жақын келеді. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақтың, бірақ, мұндай адамдар баршылық. Мұны қалада жүрген кезде аңғаруға болады. Қарап отырсақ, қоғамдық көліктерде, адам көп жиналған жерлерде, ойын-сауық орындарында біз ең бірінші өз тілімізге әділетсіздік танытып жатамыз. Бойымызды жалған намысшылық билеп, ойымызда сан-алуан ойлар қалыптасады. Ең бірінші ойлайтынымыз: «Мен қазір орысша жауап бермесем, мені «орысша білмейтін ауылбай, ұят-ай» – деп айта ма деген ойлардан өз-өзімізден іштей қатты қымсынып, орыс тілінде сөйлеп кетеміз. Мұндай бәріміздің басымызда баршылық. Шындыққа келер болсақ, бұл нағыз жалған намысшылықтың айқын дәлелі. Біз өз елімізде тұрып, ата-бабамыздан дарыған ана тілімізде сөйлеуге ұяламыз. Өз тілімізді

осындай жалған намысшылықпен жайлап өшіріп жатқанымызды да аңғармаймыз. Өзіміз осындай орны толмас қателіктерге жол бере отырып, өзара өз тілінде сөйлейтін, тұтынушыларына шамасы келгенше қазақ немесе орыс тілінде түсіндіруге тырысатын, көшедегі саудагер өзге ұлт өкілдеріне күлеміз. Айта-тынымыз: «Қарашы, қазақ тілінде сөйлей алмайды немесе орыс тілінде қызық сөйлейді екен» деген сияқты сөздер. Ал өзіміз болсақ, біз де дәл солар сияқты сырт көзге күлкілі көрінетініміз жайлы сәл болса да ойланып, бұл жайтты ой елегінен өткізбейміз де. Олар ешқашан бір-бірімен біздің немесе орыс тілінде сөйлемейді, тек қана өз тілінде сөйлейді және олар өз елінде жүрмесе де, өздерінің тіліне біз сияқты қиянат жасамайды. Біз болсақ, қазақ елінде өмір сүре отырып, өз тілімізде сөйлеуге де ұяламыз. Осыған байланысты бізге әлі де ұлттық тәрбие, рухани байлық, Отанға, елге деген адал да шынайы махаббат сынды сезімдердің

жетіспейтіндігін анық көруге болады.

Әр саналы ұрпақ өз тілін құрметтей де, құрметте де білуі керек. Ал бұл үшін ең бірінші өзі үлгі болуы тиіс екенін естен шығармаған жөн. Өз ойымды Бауыржан Момышұлының сөздерімнен түйіндегім келеді. «Тілсізді айуан дейді, тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды». «Ана тілінің бірнеше жағдайлар болып, ажыраған ел «азғын» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бығырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кетеді».

Иә, ұлтының намысын ұлықтаған Бауыржан Момышұлының бұл сөздерінде қаншама мән, айтылмаған бірнеше ой жатыр. Бұл шағын ғана мақаламда оқырманға ой тастағым келеді. «Өзге тілді ұлықтамай, өз тілімізбен өмір сүрейік!».

С.Берлібай,

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің іс жүргізушісі.





Медицина қызметкерлері күні қарсаңында

"Сіздер адамгершілік пен ізгілік мұраттарына қалтқысыз қызмет етіп келесіздер. Қоғамымыз дәрігер парызының ерекше мән-маңызына күн өткен сайын көз жеткізуде. Көптеген дарынды жастар осы мамандықты игеруге ұмтылып жатыр".

ҚР Президенті Қ.Тоқаев.

Адам баласының түрлі қажеттілігіне қарай әралуан мамандық пайда болды. Қазіргі уақытта технология мен ғаламтордың дамуына сәйкес, заманның ағымына сай бұрын-соңды жұмыр басты естіп көрмеген үр жаңа мамандықтар қалыптасты. Десе де ежелден іргесі қаланып, күні бүгінге дейін заманның екшеуінен өте келе өрісі кеңейіп, ілім мен ғылымға сүйене отырып дамып келе жатқан, көп ішінде «өлмейтін мамандық» деп аталатын мамандық түрлері де бар. Оның қай-қайсы да шартарашқа шарапатын шашып, тек көпшіліктің кемелдігі үшін қызмет етіп келе жатыр. Соның өу басында адамның санасына саңылау шашып,

тиіс. Кіршіксіз көңілдей аспақ желектеріне дақ түсірместен, Гиппократқа берген антына адал қызмет етіп, қызметін абыроймен атқарса, «бір кем дүниенің» кіршіші болып қаланары анық.

Жадыраған жазбен түспа-түс келетін осынау абзал жандардың кәсіби мерекесінің қарсаңында жылдағы дағдымызға сай аудандық орталық ауруханаға бардық. Жалпы, біздің аурухананың ахуалы, пациенттерге қызмет көрсетуі жақсы-ақ. Бұрнағы жылдары үш қабатты ғимараттың іші-сыртына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, техникалық базасы жаңарып, заманауи құрылғылармен жасақталды. Жаңа, жас мамандар

сақтау үшін жаңақты тіспен шағу, бөтелкені тіспен ашу дегеннен мейлінше аулақ болған жөн. Бұған қоса суық пен жылының да тепе-теңдігін сақтаған жөн.

**Тіліші:** – *Көпті толғандыратын сұрақтың бірі – тісті қайта-қайта жуу эмальді буза ма?*

**Ш.Қ.:** – Тісті бірнеше рет жуғаннан эмаль бұзылмайды. Егер тісті тұрақты тазалап тұрмаса, онда тістің шеті тамақ қалдықтарымен қапталып, кейін тістің бұзылуына



# Дертке дауа, жүрекке жылу сыйлаған

зердесін ашып, парасат биігіне бастайтын ұстаздық пен денге дауа, дертке шипа сыйлап, басы ауырып, балтыры сыздаған жанның төніне ем қондыратын дәрігер мамандығы түр. Екеуін бөле жарып, мына мамандық мынадан биік тұрады деп бөле жаруға келмейді. Себебі, білімсіз болашақ бұлшығыр екені екібастан белгілі. Ал, қазақем сан ғасырлық өмірлік тәжірибесін таразылай отырып, «бірінші байлық – денсаулық» деген. Ендеше, сол деннің саулығы мен төннің амандығын ақ халатты абзал жандар қадағалайды.

Біз бүгін пенде шіркіннің ауруына араша түсіп, талай дімкәс адамды аяғынан тұрғызып, үлкен мүмкіндік сыйлап жүрген дәрігерлер хақында қалам тартпақпыз. Жауапкершілік жүгізіл батпан дәрігер мамандығын таңдау үлкен батылдықты талап етеді. Дәрігер деген – кең ұғым, қадірлі мамандық, мәртебесі қашан да биік. Қазақ өзінің дүниетанымына сай кесіп-пішіп беріп кеткен мына бес күн жалғанда ең басты байлығы – Алланың берген денінің саулығы. Өлдеқалай қайсыбір жерің ауырып, жаныңа бататын болса күйбендеп жүріп, тірнектеп жинаған дүние-мүлкіңе талақ айтып, әуелі сыр-қатыңнан жазылуды тілеп, жан-жағыңа мойын бұрмастан салған күйде аурухананың табалдырығын аттайтын едің. Сол кезде көмек қолын созатын бірден-бір жан – дәрігер.

Дәрігер болуды арман ететіндер көп-ақ. Алайда, екіншісі бірі, егіздің сыңарының бұл мамандыққа тісі бата бермейді. Себебі, дәрігерлік қызметке деген қызығушылық пен мамандық алып шығу жеткіліксіз. Бұл мамандықты алып шығумен қатар, олар адам өміріне деген жауапкершілікті, өз ісіне деген адалдықты қатар арқалауы

жұмысқа орналасып, аға буынның орнын алмастырып жатыр. Аға буын дегеннен шығады. Біз осы ауруханада табан аудармастан 39 жыл еңбек еткен, өз саласы бойынша көргені мен түйгені көп, стоматолог Шолпан Қалияқпароваға барып, мерейлі мерекесімен құттықтап, аз-кем сұхбат құрып, стоматология хақында әңгіме өрбіттік.

**Тіс** – ас қабылдауға көмекші, тіс – күлкінің көркі, тіс – саулықтың белгісі. Кішкене ғана тістің адам өміріндегі рөлі маңызды екені көп ескеріле бермейді. Алайда, сол титтей ғана тіс ауырғанда шыбын жаны шырқырап, қоярға жер таппай қалатыны бәрінің басында ерте ме, кеш пе болған жағдай екені анық. Бәріміз де талай мәрте түн баласында тісіміз ауырғанда қолды-аяққа тұрмай, түрлі халық емін қолданғанымыз рас. Немқұрайдылығымыздың салдарынан маржандай тістерді жүлуға тура келген сәттер де болған. Алайда, қазір бүлінген тісті емдеудің алуан айла-шарғысы шығып, стоматология өз алдына дамып келеді. Осындай мүмкіндіктерге қарамастан тіс дәрігерінің жұмысы азаяр емес. Өйткені, бүгінде тіске қойылатын талап күшейді.

Біз аялдаған аз ғана уақыттың ішінде Шолпан Мырзаханқызымен әңгімеміздің әлпеті бір мезет осы тіс күтімі, тіс ауыруының себебі мен салдарына қарай ойысты.

**Тіліші:** – *Тісті қалай қуту қажет? Адамдардың әсіберетін қателіктері қандай?*

**Шолпан Қалияқпарова:** – Жалпы, ауыз қуысын күніне екі мәрте тазалап тұру қажет. Жарты жылда бір рет тіс дәрігеріне қаралуы қажет, тісіңіз сау болса да профилактика артық етпейді. Тістің саулығын

әсер етеді. Сондай-ақ, тісті таңертең емес, таңғы астан кейін тазалау қажет деген де пікір бар. Таңғы астан кейін тазалаған да дұрыс, десе де таңертең тазалау керек. Өйткені, ауыз қуысында түні бойы бактериялар жиналады.

Сонымен қатар, ауырған тіске спиртке батырылған мақта басу қажет дейтіндер де бар. Бұл өте қауіпті. Ауырған тісіңіз бұдан жазылып кетпейді, есесіне сіз тістің жанындағы етіңізді күйдіріп алуыңыз өбден мүмкін.

**Тіліші:** – *Тіс жууды қанишалықты қауіпті?*

**Ш.Қ.:** – Тісіміз қатты ауырып, мазасызданған кезде тістен барынша тезірек құтылуды ойлап тұратынымыз рас. Алайда, тіс жүлуға да сақтық керек. Дұрысы, тісті жүлдыруға асықпай, тіс дәрігерінің көмегіне жүгініп, оны сақтап қалуға әрекеттенген абзал. 6-7 жастан 11-12 жас аралығында сүт тістері толығымен тұрақты тістерге алмасады. Тісті сол уақытта жүлған дұрыс. Ата-аналар арасында: «баланың сүт тістері түсіп қалатындықтан, оларды емдеудің қажеті жоқ» деген жаңсақ пікір бар. Негізі, қандай тіс болса да, оны міндетті түрде емдеу керек.

Осылайша, кейіпкеріміз көп көкейінде жүрген сауалдарға қысқанұсқа жауап беріп өтті. Осынау орта бойлы, торғын жүзді жанды сіз де тануыңыз тиіс, құрметті оқырман. Өйткені, Шолпан Қалияқпарова сонау 1985 жылдан бері осы орталық ауруханада тіс дәрігері болып қызмет атқарып келеді.

– Мен 1962 жылы Ақтоғай ауылында дүниеге келдім. Қасиетті өлкенің ауасымен тыныстап, суын ішіп өстік. Осы арадағы мектепте оқып, оңы мен солымызды танып, әліпті таяқ деп білдік. 1979 жылы

мектепті тәмамдап, қияға қанат сермедік. Содан үлкен өмірдің алғашқы баспалдағына шықтық. Көп қатарлы арман қуып, шаһарға сапар шектік. Сол жылы кеншілер шәріндегі Қарағанды медицина институтына «Стоматология» факультетіне оқуға түстім. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін студенттік шақты да бастан кештік. Сонымен, 1984 жылы аталмыш білім ордасын ойдағыдай тәмамдап, қолымызға күректі дипломымызды алдық. Еншімізге мамандық тигеннен кейін қарап отырмастан Жезқазған облыстық стоматологиялық емханасына барып, интернатураны аяқтап шықтық. Сол арада өз мамандығымның қыры мен сырын меңгергеннен кейін «туған жерге ту тіктік». 1985 жылдан бастап, міне, күні бүгінге дейін тапжылмастан осы салада жұмыс жасадық. Аллаға шүкір, абыройлы қызмет атқардық, жаман болған жоқпыз. Бағымызға қарай ұжымымыз да жақсы болды. Енді, міне, құтты орнымызды жастарға босатып беріп, зейнеткерлікке шыққалы жатырмын, – деп кейіпкеріміз сөзін түйіндеді.

Шолпан апамыз жолдасы Талғат ағамыз екеуі ұлағатты ұл, моншақты қыз өсірген үлгілі үйелмендердің бірі. Балаларының барлығы бүгінде бір-бір мамандықтың тізгінін ұстап, жемісті еңбек етуде.

Осындай үйдің тірлігі мен түздің шаруасын қатар алып жүрген, қақсоқпен ісі жоқ ақ желекті абзал жанды кейінгі толқынға өнеге қылғанды жөн санап, мақаламызға мәйек қылдық. Одан қорытынды шығару оқырман қауымның еншісінде. Біз құр «Жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытқанды» мақсат тұттық, ағайын.

**Е.ТЕМІРХАНҰЛЫ.**



«Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаттары арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек...».

Қасым-Жомарт Тоқаев.



## Бұқаралық спорт – ұлт саулығының кепілі



Кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуіне оның әлуметтік-экономикалық дамуы және саяси тұрақтылығы өң әсерін тигізетіні анық. Осы орайда халықтың денсаулығы да өте маңызды рөл ойнайды. Өйткені, мемлекеттің алға қойған мақсат-мүддесін, стратегиялық жоспарларын іске асыратын сол елдің азаматтары. Демек, ол міндетті орындау үшін бірінші кезекте ұлттың саулығы қажет. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ең алдымен бұқаралық спорт пен спорттық инфрақұрылымды дамыту керек. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында баса мән беріп келеді.

Спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында мемлекетімізде ел тұрғындары арасында түрлі деңгейде спорттық шаралар ұйымдастырылуда.

Соның бір парасы – маусым айының 9-10-ы күндері облыс орталығы Қарағанды қаласында аймақтың қалалары мен аудан әкімі аппараттары, олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында өткен XXIII спартакиада.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жалауын желбіреткен сайысқа аудан құрамасы қатысып қайтты. Спорттың сан саласын қамтыған спартакиада бағдарламасындағы волейбол ойынынан Ақтоғай ауданының құрама командасы I орынға ие болды. Аймақтық аламанда аудан атын шығарған тоспадопшыларымызды жеңісімен құттықтаймыз.

А.Жолдыбай,  
ҚарУ-дің студенті.

Бұған дейінгі сөзімізде де біраз айтқан болатынбыз. Реті келіп тұрған соң, тағы да мақалаға мейек қылағалы тұрмыз. Мектеп бітіргендеріне мерейлі жыл болған түлектер өз шама-шарқынша туған жерінің бойына қан жүгіртіп, пайдасы тиетін ілкімді іске ұйытқы болып жүр. «Туған жерге туың тік» деген ұранды ұстанған ауыл перзенттері кіндік қаны тамған

құттықтау сөзімен ашты:

–Құрметті жарысқа қатысушылар! Баршаңызға сәттілік тілеймін. Көршілес аймақтардан келіп жатқан меймандарға қош келіпсіздер дегім келеді. Соңғы жылдары ауданымызда жақсы үрдіс қалыптасты. Мектеп төмамдағандарына талай жыл болған түлектер «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып»,

## Боз кілем бәсекесі өтті

өлкеге мандайының терін де тамызып, қарлығаш қанатымен су сепкендей атсаысып келеді. Әсіресе, салауатты өмір салтын насихаттап, спорт саласына басымдық берілуде.

Басқа өңірлерді қайдам, өзіміздің ауданның төңірегіндегі барша ауылдарда түлектердің демеуімен түрлі спорттық шаралардың жалауы желбіреді.

Маусымның 10-ы мен 11-і күні ауданымыздың оңтүстігінен қоныс тепкен Сарышаған кентінде 2009-2010 жылғы жасөспірімдер арасында қазақ күресінің ашық турнирі болып өтті. Боз кілем бәсекесін Сарышағанның 1995 жылы туған, мектеп бітіргендеріне 10 жыл болған түлектер ұйымдастырды. Атаамыш шараға өз облысымыздан бөлек, іргелес Абай, Жамбыл облысынан арнайы келген жас балуандар бағын сынға салды. Жарысты аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов

шарапатты іс-шаралар өткізуді дағды қылды. Соның нәтижесінде ауыл-ауылдарға жаңа леп, жаңа серпін қосылды. «Жас та болса бас болып», бүгінгі сайысты ұйымдастырып жатқан түлектерге алғыс айтқым келеді, – деді А.Базылулы.

Сонымен, білекті де жүректі балуандардың бәсекесі бастау алды. Үш аймақтан ат арығып келіп белдескен жас өрендердің сайысы тартысты өтті. Туған өңірінің намысы мен ұстаздың үкілеген үмітін арқалап келген балуандар бірін-бірі алып та, шалып та жығып жатты. Екі күнге ұасқан жарыста командалық есепп бойынша Сарышаған командасы II орынға ие болды. Сайыстағы жүлдегерлерге арнайы белбеу және түрлі сыйлықтар тарту етілді. Боз кілем бәсекесінен кейін барлық қатысушыларға ас-ауқат ұсынылып, мезірет білдірді.

Е.Мұстафин.

## Қоржында – үш күміс

Спорт – елдің атағын асқақтатып, абыройын биікке шығаратын, әлем елдерінің алдында Көк байрақты желбіретіп, Әнұранымызды шарықтай шырқататын, жауапкершілік жүгі ауыр салалардың бірегейі. Осыдан бір ай бұрын өткен бокстан әлем чемпионатында бағы мен бабы қатар шауып, жеңіс тұғырынан көрінген былғары қолғап шеберлері жоғарыда айтылған сөзіміздің дәлелі. Қазақстан – спорттың қай түріне салса да, іркілмей шабатын елдердің бірегейі. Себебі, бізде әрқашан спорт саласына баса назар аударылып, қолдау білдіріліп келеді. Соның нәтижесінде жерлестеріміз әлемдік аренада талайды таңқалдырып, жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр.

Спорт мәселесіне келгенде, біздің аудан аймағымыздағы аудандардың көшін бастамаса да, лектің алдыңғы қатарында. Спортшыларымыз апта сайын бірінші ізін бірі құрғатпастан жүздемен оралып, Ақтоғай қоржынын толтыру үстінде. Тиісінше, біздің редакция да сүйіншілеген



жаңалықты дер кезінде басылым бетінде жариялаудан тынған емес. «Қуанышты бөліссең көбейеді» деген. Жұырда тағы бір жағымды жаңалық келіп жетті. Облыс орталығында өт-

кен спорттық сайысқа ауданымыздың намысын арқалап барған жастарымыз құр алақан оралған жоқ. Маусымның 10-ы күні Қарағанды қаласында ересектер арасында бокстан қалалық

турнир болып өтті.

«Сабыр» спорт клубында өткен жарысқа аймағымыздың әр өңірінен бокс клубтары мен аудан-ауданнан келген спортшылар қатысып, қолғап түйістірді. Өз өлкесінің жауапкершілігін жүктеп келген қатысушылар шаршы алаңда бар күш-жігерін салып бақты. Ақтоғайдың атынан 57 келі салмақта Н.Мұратбек, 63 келіде Қ.Тілеубек және 65 келі салмақ дәрежесінде Б.Бекіш бағын сынады. Кіл сайдың серке тасындай іріктелген боксшылар арасындағы бәсеке өте тартысты өтті. Ұзақты күнге созылған сайыстың қорытындысы бойынша ақтоғайлық өреннің үшеуі де 2 орынға шығып, күміс жүлденің иегері атанды. Спортшыларды бабын келістіріп додаға салған жаттықтырушы – А.Мұратбек.

Жалпы алғанда, бокс – ауданымызда кенже қалған спорттардың бірі. Десе де, спорттың осы түріне бет бұрған жастардан үлкен үміт күтуге болады.

Е.АЙТЖАН.





# «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді»

Халқымызда елге еңбегі сінген тұлғаларға қатысты айтылатын нақыл сөз көп. Оның ішінде, «Жақсы ісімен мың жасайды», «біртуар азамат» деген тіркес сол тұғырлы болған тұлғалардың таңдаулысына ғана тән. Сөйлеген сөзі мен жасаған ісі үйлесіп, «ел» дегенде ет жүрегі елжіреп, жастарға үлгі-өнегесін көрсететін жақсы мен жайсаң жан-жағына үнемі шуағын шашып жүреді. Өз ісінде әділдік, шынайылық, тазалық, адалдық секілді қасиеттерді бой-тұмар етіп, әлеуметті ойлаған азаматтың есімі ел жадында мәңгі сақталады және оның өнегесі ұрпақтар сабақтастығына айналмақ. Бүгінгі мақаламызға еліміздің қалыптасуына зиялылар қатарында үлкен үлес қосқан жанның бірі – профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі, жерлесіміз Әбеуов Мұрат Әбеуұлын арқау еттік.

Мұрат Әбеуов жайлы сөз қозғағанда көз-көргендер мен үзентілері, шәкірттері ең әуелі оның еңбекқорлығын, ағалық қамқорлығы мен бауырмалдық қасиеттерін алға тартады. Көрнекті ғалымның Қазақстан ғылымы мен біліміне, ұрпақ тәрбиесі мен ұлт болашағына сіңірген зор үлесін, ғылыми жетістіктерін жерлестері мақтан етеді.

Ол белгілі қоғам қайраткерлері мен өнер дүлдүлдері шыққан Қызылорда ауылы, Ақсораң тауы баурайында 1949 жылы 4 маусымда белгілі шопан отбасында дүниеге келіп, Әбеу Рахметов пен анасы Қамар Әбдірахманова өз орталарында беделді, ауылдық ағайынға сыйлы адамдар болған екен. «Әке көрген оқ жонар...» демекші, Мұрат еңбекпен есейген буынның өкілі. Ол 1967 жылы Қызылорда орта мектебін бітірген соң, еңбек жолын ауылда шопан көмекшісі болып бастайды. Мұнан соң төрт жыл механизатор болды. 1971 жылы арман қуып, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетіне оқуға түседі. 1976 жылы аталған оқу орнын ойдағыдай тәмамдайды. Сол жылы алғаш ашылып жатқан Жезқазған педагогика институтына жолдамамен келіп, оқытушылық қызметке тұрады.

Оқытушыдан бастаған қызмет баспалдағы аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан орынбасары, факультет деканы, университет проректоры, гуманитарлық-педагогтік институт директоры қызметіне дейін көтерілді.

Студенттерге дәріс бере жүріп, мыс алыбы Жезқазған кәсіптерінің тыныс-тіршілігі, кәсіп өндіру технологиясына көңіл қоя бастайды. 1990 жылы «Жарылып осалданған камерааралық кең дінгектерді смолинекциялық әдіспен бекіту технологиясын талдау және енгізу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

Қатарынан суырылып шығып, ел болашағы – студент жастардың зердесіне ілім-білім құюды парыз санап, ұлағатты істердің ұйытқысы болды. 2000-2013 жылдар аралығында филология және өнер институтының (2005 жылдан бастап аталмыш білім ұясы

гуманитарлық-педагогикалық институт болып ауысты) директоры бола жүріп, іргелі оқу орнының қалыптасуына қажырлы үлесін қосты. Ұстаздықтың ауыр жүгін, басшылық қызметтің сан қырлы міндеттерін қара нардай қайыспай көтерді. Адал еңбегімен сый-құрметке бөленген кейіпкеріміздің педагогикалық кадрлар даярлау жолында атқарған істері ұрпаққа үлгі боларлықтай. Тоқтала кетсек, кейіпкердің басшылығымен 2008 жылы қалалық көрме залында Ж.Майлиннің жеке шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Университеттің №5 оқу ғимаратынан Ж.Майлин атындағы оқу-әдістемелік кабинетін ашты. Университет



көлемінде өткізілген көптеген іс-шараларға басшылық жасап, ауыл мектептерін кадрлармен қамтамасыз етуде елеулі еңбек сіңірді. Талай данышпан мен небір еңбек адамы осы ұстаз алдынан өтіп, оның өнегесін бойына сіңіретін хақ. Сөзіміздің айқын дәлелі, оның шәкірттерінің қатарында айтыскер ақын М.Сейітқазинов, полковник Ә.Әбеуов, ғылым кандидаттары С.Омаров, Г.Оралов сынды еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып келе жатқан әр саланың майталман мамандары бар.

80-нан астам ғылыми еңбектің авторы Мұрат ағамыз жайында педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Журналистер, Жазушылар одағының мүшесі Наурызбай Жұмағалиев: «Университеттің жолында жүк қалмас қара нары» деп баға берген екен.

40 жылдан астам ғұмырын педагогикалық кадр даярлау ісіне арнаған абзал азаматтың бұл еңбегі ескерусіз қалмады. Еңбегі үшін КСРО жоғары білім саласындағы «Жоғары мектеп үздігі», білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгілерімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің және Жезқазған қалалық мәслихатының, ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті мен «ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» Құрмет медалімен, өзге де мақтау-мадақтаулармен мара-

патталды.

Саналы ғұмырында елі үшін аянбай еңбек етіп, балаларын бақытым деп білген Мұрат Әбеуовтің ғұмырнамасы өзінше жеке бір тарих. Өнегелі өмір жолы адами асыл қасиеттерге толы. Әңгімені ағамыздың отбасылық өміріне бұрсақ. Білім беру саласында өзіндік таңба қалдырған жанның өмірлік жары да педагог. Атам қазақ «Жақсы жар – азаматтың бақыты» деп бекер айтпаған. Азаматтың бақытты болуы, басына қонған бағының баянды болуы әйеліне тікелей байланысты. Сонау студенттік шақтағы бозбала мен бойжеткеннің әдемі таныстығы жарасым тауып, 1977 жылы

жанның есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Өйткені, тәуелсіз еліміз, жасампаз халқымыз барда жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді. Ең бастысы – оның өнегесі мен жолын жалғастырар ұрпағы, ардақты жеңгеміз Жәмила апамыз бен бауырлары ғалым есімін ұлықтайтыны сөзсіз. Десе де, мақала соңында айтар бір ұсынысымыз бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ел мен жерге қызмет еткен тұлғалар есімін қайта жаңғыртуды қолға алу баса айтылған болатын. Осы тұста педагогика ғылымдарының профессоры Мұрат Әбеуовтің есімін өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында өзі білім алған Қызылорда орта мектебінде арнайы кабинет жабдықталса, құба-құп болар еді.

Отандық ғылымның дамуы үшін көз майын тауысқан, ел құрметіне бөленген Мұрат Әбеуұлының өнегелі ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала берсін.



## Ақсораңым аман ба?

Профессор Мұрат Әбеуовтің монологы

Тауда өстім,  
Тау самалын ұнаттым.  
Балдай дәмі таудан аққан бұлақтың.  
Балалық шақ мәнмұндалап тұрғандай,  
«Ақсораң» деп баяғыша тіл қаттым.  
Амансың ба, айналайын, Ақсораң,  
Өзің барда басымызға бақ қонар.  
Қызылорда, қызық маңай, гүлдәурен,  
Қашан барсақ алдымыздан тап болар.  
Ертегідей өткен күндер елсі,  
Әр асу-сағыныштың белесі.  
Ақсораңның нар шыңында жүзіп жүр,  
Жастығымның арман қуған кемесі.  
«Тау баласы тауға қарап өседі»,  
Осы сөзден өрлік лебі өседі.  
Бағдат Мекей қайда, қайран жан досым,  
Ақ алмастай жарқылдаған кешегі?!  
Көп шиырлап ақындықтың ауылын  
Ақсораңнан көтерілді дауылды үн.  
Ақсұңқардың баласымен дос болдық,  
Жырға қосқан қасқырдың монологын.  
Ақсораңым, амансың ба, шын басы,  
Жүрегімің сырды бүгін тыңдашы.  
Алты қырдан мен де міне, асыппын,  
Көңілде көп сағыныштың тұнбасы...  
Ақсораңым, ақсақалдай баташыл  
Алтын нұрмен жалқынданып жатасың.  
Ата-ананды бір еске алмай мұндайда,  
Тіршіліктің дәмін қалай татасың?!  
Қайран мәңгі әке-шешем, ақ маңдай,  
Ақсораңға келсем құшақ жайғандай.  
Көңелдердің көзі азайып барады,  
Ақ жеңгейлер шығушы еді-ау  
жайрандай!  
Аға дейтін кімдер қалды алдымда,  
Асыр салып аунаушы едім шалғымда.  
Туыскандық, бауырмалдық сезімді,  
Түсіндіру керек өскен балғымға!  
Ақсораңым, естисің бе, дауысымды,  
Көптен көрмей тағатым да таусылды.  
Келіп қаппын, алпыс жасқа аңқылдап,  
Кешір мені, Сарыарқаның нар шыңы.  
Ақсораңым, аман бол сен әманда,  
Ақ тілүмен жетті мынау заманға.  
Сенін арқаң деймін мәңгі, Ақсораң,  
Бір жақсылық жасай алсам адамға!

Бетті дайындаған Думан ҚАБЫЛ.



**Төле би Әлібекұлының туғанына – 360 жыл**



бағындыруға, сөйтіп Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтарының одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға белсене қатысты. Бұл Қазақ пен Жоңғар хандықтарының арасы шиеленісіп тұрған кез болатын.

Тәуке хан өлгеннен кейін Қазақ хандығы іштей әлсірей бастайды. Ұлы жүзді басқарып отырған Төле би жоңғар басқыншыларына біраз уақыт төуелді болды. Оларға салық төлеп тұрғанымен, Төле би саяси басқаруды өз қолына алады. Қазақтардың басын біріктіріп, жоңғар бұғауынан құтқаруда маңызды рөл атқарады.

Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілха-

барлық жағынан қамтыды.

"Жеті жарғы" жеті заңнан құралды: жер дауы заңы, отбасы – неке заңы, әскери заң, сот заңы, қылмысты істер заңы, құн заңы және жесір дауы заңы.

Мәселен, "Жеті жарғы" бойынша көтеріліс жасап, бүлік шығарғандар, түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық жасағандар өлім жазасына кесілген. Ондағы мақсат – мемлекеттің бүтіндігін сақтау және қорғау.

Жазалаудың ең көп таралған түрі құн төлеу болған. Қылмыскердің және өлген адамның өлеуметтік жағдайына байланысты құн мөлшері өзгеріп отырған.

"Жеті жарғыны" қазақ халқы XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келді.

әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.

- Балам, мынаны сындырып көрші?

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

- Енді сол шыбықты біртіндеп сындырышы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Өнет баба:

- Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

- Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. "Саяқ жүрген таяқ жейді" демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

- Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз-

# Туралықтың төрелігін айтқан ер Төле

Төле Әлібекұлының өмір сүрген жылдары мен туған жері туралы нақты дерек жоқтың қасы. Кейбір деректер бойынша Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу өңірі аймағында дүниеге келген. Ұлы жүздің Дулат тайпасы Жаныс руынан.

Жас Төле бала күнінен әкесіне еріп жүріп, ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Әкесі Әлібек ортасына сыйлы шешен би болған. Атасы Құдайберді би Есім хан мен Тұрсын хан егесі кезінде Есім ханды қолдаған деседі. Бала Төле он беске толғанда, анасы дүниеден озады.

Төле билікке он бес жасынан араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады. Туралықты тұғыр еткен Төле биді халық арасында "Қарлығаш әулие" деп те атап кеткен. Аңыз бойынша Төле орта бойлы, сымбатты, нұрлы кісі болған.

Төле Әлібекұлы Ұлы жүздің бас биі болған. Қазыбек би, Әйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланып, елшілік, ел аралық дауларды шешкен. Қазақтың Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері.

Өз Тәуке хан құрған "Билер кеңесінің" мүшесі, "Жеті жарғы" заңдар жинағын шығаруға зор еңбек сіңірген.

Әйгілі Абылай ханның ел тізгінін ұстайтын тұлға болып қалыптасуында Төле бидің рөлі ерекше болған.

## Төле бидің мемлекеттік істерге араласуы

Тәуке ханның тұсында Төле би "Билер кеңесінің" мүшесі ретінде мемлекеттік істердің оң шешілуіне айтарлықтай үлес қосты. Жыл сайын өтетін бүкілхалықтық жиынды ұйымдастырушылардың бірі болған. Ол Орта жүздің төбе биі Қазыбекпен, Кіші жүздің төбе биі Әйтекемен бірге Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа

лықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле бидің еңбегі орасан.

1742 жылы Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда, оны тұтқыннан босатуда Төле би белсенділік танытты. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Әбілқайыр хан мен Төле бидің Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатуға ықпал жасауын өтінгені айтылады. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші боп барып, келіссөз жүргізіп, 1743 жылы қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады.

Төле би ішкі және сыртқы саясатта сара бағыт ұстанды. Хандық пен мемлекет тұтастығын, төуелсіздігін діттеп, жаугершілікте дұшпан қолында қалған қалалар мен жерлерді қайтаруға күш салды. Ресей мен Қазақ хандығы арасында байланыс орнатып, қарым-қатынасты дамытуға да үлес қосты.

## Жеті жарғы

Тәуке хан тұсында қабылданған "Жеті жарғы" заңдар жинағын шығарушылардың бірі – Төле би.

Он жетінші ғасырда Қазақ хандығына ыдырау қаупі төніп, Тәуке хан елдің ауызбіршілігін нығайту үшін жаңа шараларды қолға алады. Қазақ қоғамына мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ететін жаңа заңдар жүйесі қажет еді. Тәуке хан үш жүздің игі жақсыларын жинап, Күлтөбенің басында "Тәуке ханның Жеті жарғысы" деген заңдар жинағын қабылдайды. Олардың арасында атақты Төле би де болған.

Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін

## Төле бидің "Қарлығаш әулие" атануы

Ел ішінде Төле бидің "Қарлығаш әулие" атануы жөнінде мынадай аңыз бар.

Бір жаугершілік кезде елге жоңғарлар шауып, ауыл адамдары үйлерін тастай қашқан. Осы уақытта тек Төле би ғана түтінін бұзбастан орнында отыра беріпті. Ауылға басып кірген жоңғар қонтайшысы түтінін тұтатқан жалғыз үйді көреді. Ел үдере көшкенде, өзінен қорықпай отырған адамның кім екенін білмекке кісі жібереді. Баса көктеп үйге енген жоңғарлар жөн сұраспастан, бірден жауап алмаққа дүрсе қоя береді. Сонда Төле би жоңғарларға амандықсыз сөз бастағанын айтып, бір тықыртса, көшпеуінің себебін айтып, екінші тықыртқан екен. Жұртпен бірге бас сауғалап, үйін тастамағанының себебін би былай түсіндірген екен:

"Биыл шаңырағыма қарлығаш ұя салған екен. Балапандары қанаттанғанша үйімді бұзбайын деп шештім. Жау жағадан алды екен деп ұясын бұзып, балапандарды шырылдатқым келмеді. Сендердің де үйлеріңді ойран етіп, бала-шағаларыңды шырылдатса, өздеріңе жақсы болар ма еді?"

Төле бидің жауабын естіген жоңғар қонтайшысы Төле биді әулие деп танып, әскеріне би шаңырағына да, ол отырған ауылға да шаппауын бұйырады. Содан бері Төле би "Қарлығаш әулие" атанып кеткен екен.

## Төле бидің даналығы

Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты айтылатын нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, билік кесімдер де ел арасына кеңінен тараған.

Төле бала Өнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келіп отырған Өнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ" дегенді сұрайды. Сонда Өнет баба

бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. "Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын" дегеннің мәнісі осы, - депті.

Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшысы болмаса ел жетім.

Ұқпасқа айтқан сөз жетім,

Көре алмаған көз жетім.

Атың жақсы болса,

Жан мен тәнің шырағы.

Қызың жақсы болса,

Жайқалып өскен құрағың.

Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы.

Атадан ұл туса игі,

Өзі біліп тұрса игі,

Ата жолын қуса игі.

Жаудан бұққан немені,

Өзіне келер ұятын,

Ортасынан қуса игі.

Төле би өз көңілін сұрай келген билердің еліңізге қандай өсиет қалдырасыз деген сұрағына былай деп жауап берген екен: "Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады".

## Төле би қайда жерленген?

Төле би 1756 жылы Ақбұрханорда, қазіргі Түркістан облысы, Төле би ауданында қайтыс болған. Сүйегі Ташкентте жерленген.

Кейбір деректер бойынша Төле би Жолбарыс хан өлген соң, Ташкентті алты жыл басқарыпты.

Бүгінде Ташкенттегі Төле би кесенесі – шаһардағы көрікті жерлердің бірі. Мұнда Орталық Азиядан және басқа да шетелдерден туристер көп келеді.

1993 жылы Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Өзбекстанның бұрынғы президенті Ислам Каримов Төле бидің басына арнайы келіп, зиярат жасап, Құран оқытқан. Сол кезден бастап 26 мамыр Төле биді еске алу күніне айналған.

(Материал ғаламтордан алынды).



**Құқық заңнамасы**

**«ТЕРРОРИЗМ АКТИСІ ТУРАЛЫ КӨРІНЕУ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ»**

«Ақтоғай ауданының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау» 273-бабына сәйкес, дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау үшін бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын еске салады.

Терроризм туралы хабарламалар көп уақыт пен ресурстарды алады. Оқиға болған жерге полиция, құтқарушылар, кинологтар, өрт сөндірушілер, жедел жәрдем көрсету бригадасы, тергеу-іздігіру топтары шығады. Ұйымдардың қалыпты жұмыс тәртібі бұзылады. Бұдан бөлек бірталай күш пен құралдар жұмсалады. Құзыретті органдармен жұмсалған шығындар кінәлі тұлғадан, заңбұзушылық көмелетке толмағандармен жасалған болса, олардың ата-анасынан немесе камқоршыларынан өндіріледі. Сондай-ақ, теракт туралы көрінеу жалған хабарлау адамдарды эвакуациялау кезінде дүрбелең мен құрбандыққа әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда, Бас Прокуратура мен мүдделі мемлекеттік органдар терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлауды жеті жылға дейін бас бостандығынан айыра отырып ауыр қылмыстар санатына жатқызу және қылмыстық жауаптылықты күшейту сұрағы талқылауда екенін назарларыңызға саламыз.

**Ақтоғай ауданының прокуратурасы.**

**«ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЛЖЕТЕРРОРИЗМ»**

Прокуратура Ақтоғайского района предупреждает, заведомо ложное сообщение о терроризме согласно статье 273 Уголовного кодекса Республики Казахстан «Заведомо ложное сообщение об акте терроризма» наказывается штрафом в размере до пяти тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо ограничением свободы на тот же срок.

Сообщения о терроризме отнимают много времени и ресурсов. На место происшествия выезжает полиция, спасатели, кинологи, пожарные, бригады скорой помощи, следственно-оперативные группы. Нарушается нормальный режим работы организаций. Кроме того, идет значительное отвлечение сил и средств. Затраты уполномоченных органов взываются с виновного лица, в случае совершения правонарушений несовершеннолетними, с родителей либо опекунов. Случается, что ложные сообщения о теракте приводят к панике и жертвам при эвакуации людей.

Одновременно сообщаем, в настоящий момент Генеральная прокуратура и заинтересованные государственные органы прорабатывают вопрос об усилении уголовной ответственности за лжетерроризм и отнесении его к категории тяжких преступлений с лишением свободы до семи лет.

**Прокуратура Ақтоғайского района.**

**ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚТАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!**

**ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАЛАРЫ:**

- «Сіздің туысыңыз жол-көлік оқиғасына кінәлі..., біреуді ұрды немесе есірткімен ұсталды». Алаяқ өзін полиция қызметкері немесе туысыңыз ретінде таныстырып, қылмыстық жауаптылықтан босату үшін ақша талап етеді;
- «Сіздің банк картаңызға алдын ала төлем жасағымыз келеді». Мысалы, сіз интернетте жылжымайтын мүлік, автокөлік немесе басқа бір тауарды сату туралы хабарлама жарияладыңыз. Сатып алушы сіздің затыңызды қарамай аламын дегенге сенбеңіз. Банк картаңыздың нөмірін, СМС-құпиясөздерді ешкімге айтпаңыз. Алдын ала төлемді банкоматқа барып алыңыз деген «сатып алушының» сөзіне ермеңіз;
- «Бұрын алған дәрі-дәрмектер үшін сізге ақшалай өтемақы береміз», «Сіздің картаңыз бұғаттаулы», «Сіз автокөлік ұттыңыз», «Шотыңызға \*\*\* теңге түсті». Мұндай СМС-терге жауап бермеңіз. Оларға банк картаңыздың нөмірін айтпаңыз, ақша жолдамаңыз;
- «Өз фотоңызды келесі сілтеме арқылы көріңіз...». СМС-хабарламамен немесе электронды поштамен келген күмәнді сілтемелерді ашпаңыз.

**ҚАУІПТІ ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕННІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ:**

- Төмен баға. Алаяқтардың дүкеніндегі баға басқалармен салыстырғанда анағұрлым арзан. «Науқан», «тауар саны шектеулі», «сатып алуға асығыңыз» деген сөздерге мән бермеңіз;
- сатушылардың шамадан тыс табандылығы. Интернет-дүкеннің өкілі тапсырысты рәсімдеуге және ақшасын төлеуге асықтырса, мұндай сатып алудан бас тартыңыз;
- курьерлік жеткізу мен тауарды өзіңіз алып кету мүмкіндігінің жоқтығы. Айлакер тауарды жолдау туралы жалған түбіртектерді ұсынады, транспорттық қызметтің төлемін сұрап, тікелей кездесуден жалтарады;
- сатушының немесе интернет-дүкеннің бұрынғы сатылымдарының жоқтығы. Бірнеше

күн бұрын ғана тіркелген парақшалар да қауіпті; – мәміле ашықтығының дәлелі ретінде сатушы өз төлқұжатының фотосын жолдайды. Алаяқтар көбіне жалған немесе басқа адамның құжаттарын жолдайды;

– алдын ала төлем сұрау. Анонимдік төлем жүйелері, жеке адамның банкілік картасына төлем жасау туралы ұсыныстарға күмәнмен қараңыз. Бұл жағдайларда тауарды алу немесе қайтару мүмкіндігі жоқ.

– БӨТЕН АДАМДАРҒА үйіңіздің есігін ашпаңыз. Алаяқтар өздерін коммуналдық қызмет, полиция, емхана өкілдері ретінде таныстыруы мүмкін. Сол қызметке телефон соғып, келген адамның кім екенін нақтылаңыз.

– СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰТЫС ОЙЫНЫНА, керемет әсері бар дәрілердің, арзан заттардың сатылымына шақыртуларға келіспеңіз!

– БАЛАҢЫЗҒА ӨЗ ЗАТТАРЫН (ұялы телефон, планшет және т.б.) далада бөтен адамдарға, өздерін полиция қызметкері деп таныстырса да, бермеуге үйретіңіз.

– БӨТЕН ТҮЛГҒАЛАРҒА өзіңіздің электрондық цифрлы қолтаңбаңызды (ЭЦҚ) бермеңіз.

– СІЗДІ АЛДАП ЖАТҚАНЫ туралы ой туындаған жағдайда полицияға 21690 немесе 102 нөмірлеріне қоңырау шалуға ұялмаңыз.

- Жақсы жұмысқа орналастыруға;
- Ақысыз оқуға түсіруге;
- Банктен тигімді несие алып беруге;
- Мемлекеттік тұрғын үй, төлемдер мен субсидиялар алуға көмек көрсетемін деген адамнан сақтаныңыз! Ол сізге тек зиянын тигізеді!

Көбіне мұндай адамдар сенімді көрінеді, іскерлік стильде киініп, сыпайы сөйлеседі. Ақшаңызды оған бермеңіз! Оның алаяқ болуы әбден мүмкін!

**Ақтоғай ауданының прокуратурасы.**

**Жарамсыз деп танылсын**

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Қыдырәлі» шаруа қожалығының жетекшісі Жалелов Абылай ЖСН 751124450085 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА00855658, шыққан жылы 2010 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Абай ауылдық округінің тұрғыны, «Мирас» шаруа қожалығының жетекшісі Алимканов Каирбек ЖСН 700610350089 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001309864, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Айыртас ауылдық округінің тұрғыны, «Кахарман» шаруа қожалығының жетекшісі Жапенев Бауыржан Кахарманович ЖСН 681205300780 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 00810432, шыққан жылы 2009 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, дара кәсіпкер Балаганова Зауреш ЖСН 580313401759 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» (версия 115KZ010) маркалы, заводтық нөмірі 000000921407, паспорт нөмірі 000000921407, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қараменде би ауылдық округінің тұрғыны, «Шыңғыс» шаруа қожалығының жетекшісі Алшагиров Сағат ЖСН 711124350309 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 00851072, шыққан жылы 2010 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Тасарал ауылдық округіндегі «Қызыл қазақ» ЖШС-не берілген БИН 020340007536 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1426902, шыққан жылы 2005 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, дара кәсіпкер Ахметова Меруерт ЖСН 470619400533 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 0008893, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

06 тамыз 2022 жылы Шошымбеков Турысбек қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

31 наурыз 2023 жылы Шайкенов Қайрат Асбандиярович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

11 қараша 2022 жылы Игебеков Даулетбек Шайкенович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы және Ақтоғай аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы «Айыртас бастауыш мектебі» КММ менгерушісі Нығманова Жанар Төреханқызына **бауыры Нығманов Қанағат Төреханұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



## Құттықтаймыз!



Құрметті әріптесіміз  
**Едебеков Қазтай  
Несіпбайұлы!**

Сізді 63 жасқа толған мерейлі қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елжүлі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Сіз ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге келіп отырсыз. Осы айтулы мерекеніз күні сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, жемісті еңбек тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық-қуаныштарына кенеліп, алдыңызға қойған арман-мақсаттарыңызға жете беріңіз.

Сыйластық мекені боп үй, төріңіз,  
Тек шаттықпен өрілсін өміріңіз.  
Немере, шөберемен бірге жасап,  
Көктемдей жайнап жүрсін көңіліңіз!

**Ізгі тілекпен: Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының ұжымы.**

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі әріптесіміз **Едебеков Қазтай Несіпбайұлы!**

Сізді зейнеткерлік 63 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Ақтоғай ауданының жедел жәрдем бөлімінде ұзақ жылдан бері жүргізуші болып жемісті еңбек етіп келесіз. Абыройлы еңбегіңіздің арқасында әріптестеріңіздің арасында құрметке бөленіп, өзіңізге тапсырылған міндеттерді барынша жауапкершілікпен атқарып жүрсіз. Отбасына қорған, балаларыңызға ардақты әке, немерелеріңізге қадірлі атасыз. Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай биіктерден көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып келесіз. Осы атаулы күнде сізге алдағы уақытта деніңізге саулық, отбасыңызға аمانдық, құт-береке тілейміз. Ағайын-туыс пен әріптестеріңіздің құрметіне, балаларыңыздың жеңісті шақтарына қуанған, немерелеріңіздің төтті күлкісіне бөленген ұзақ ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз.

Мерейлі күн нұрға толсын жүзіңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз.

**Тілек білдірушілер: жедел жәрдем ұжымының атынан – Амантай, Нұрлан, Дәулет, Серікжан, Жанагүл, Бағдат, Айгерім, Гүлназ, Макпал, Зәуре, Ернұр, Шара, Ләйла, Бағдат, Есенгүл.**



## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Люпп Коляны** зейнеткерлік 63 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбегіңіз елшіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай, немерелеріңіздің ортасында ардақты ата деген атты иеленіп жүре беріңіз. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Жаратқан ием әр ісіңізге береке беріп, жақсылық бұйыртысын. Әр күніңіз шуақты, денсаулығыңыз қуатты болсын!

Бақыт сыйлап арайлы тандарыңыз,  
Тола берсін шаттыққа жан-жағыңыз.  
Ұлағатты ұл-қыздан қызық көріп,  
Орындалсын ең басты арманыңыз.

**Тілек білдірушілер: Марат, Қайрат, Мәжит, Сағымбет, Асхаттың отбастары.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Максұтов Дулат Сабырұлы!**

Сені асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасына амандық, қажымас қайрат, жемісті еңбек, берекелі де мерекелі ұзақ ғұмыр нәсіп етсін. Дәнің сау болып, бала-шаға мен туған-туыстарыңның тек қызық-қуаныштарына бөлініп, ортамызда аман-есен жүре бер. Өмірдің барлық жақсылығын отанасы Мейрамгүл екеуің бірге көріңдер. Мұқалмас ғұмыр, баянды бақыт тілейміз. Шаңырағың шаттыққа тола берсін!

Өткен күннің артта қалып елесі,  
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.  
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,  
60 жастың құтты болсын белесі!

**Құттықтаушылар: Махат, Саят, Рымбек, Дулат К., Қайрат, Ғабит, Еламан, Алтын, Маржан, Дана, Бауыржанның отбастары.**



## Құттықтаймыз!



Отбасымыздың тірегі, қадірлі бауырымыз **Тәсімбеков Әсет Үмітқалыұлы!**

Сені 23 маусым күні ердің жасы 50 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мерейлі жасқа қадам басқан бауырымызға өмірдің тек жарқын сәттерін, мол қызық-қуанышын тілейміз. Деніңіз сау болып, алда әлі талай асуларды табандылықпен жеңіп, алға қойған арман-мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз. Әрбір күн жанды жадыратар қуанышқа толы болып, бақыт сыйласын. Шаңырақтарыңызға әрдайым шаттық ұялап, босағаларыңыздан ырыс, құт-береке кетпесін. Балаларыңыздың қызық-қуанышын отанасымен бірге тойлап, жасыңызға жас қосылып, той-думанға жете беріңіздер!

Кемел жасың, елуің құтты болсын,  
Қуаныш пен шаттыққа орта толсын.  
Денсаулығың мықты боп, ұзақ жаса,  
Шаңыраққа бақыттың құсы қонсын.

**Ігі тілекпен: анасы – Шаризат, жолдасы – Гүлнұр, баласы – Ернарзан, бауыры және жиендері.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті **Едебеков Қазтай Несіпбайұлы!**

Сізді 63 жас зейнеткерлікке шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз. Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы-Отанда, ұл-қыздардың ортасында балқыған бақытқа толсын! Жапырағын жайған мөуелі бөйтеректей ғұмыр тілейміз.

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,  
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.  
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,  
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

**Тілек білдіруші: Өмірбек-Манат, Қарғаш, Мұрат-Бағдат, Болат-Бақша, Балқашбек-Алтынгүл, Нұрлан-Гүлден, Мейірбек-Айнұр, Сағынбек-Гүлшат, Гуля, Мадина.**

### Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық “Ақтоғай ажары” газеті редакциясында 3\*4, 5\*6, 10\*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



### Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>



**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: **Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

